



100 ЕГДЕН QАЗАҚСТАН

Абайдан соң... Мұқағали сөздігі

Қоржыны қазынаға толы қазақ әдебиетінің жүріп өткен сүрлеулі, соқпақты жолына көз салсақ, шығармаларымен оқырман санасында жатталып қалған талантты қаламгерлер көп-ақ. Әдебиетке еңбегі сіңген ақын-жазушыларды кейінгі ұрпақтың ұлықтап, мадақтауы заңдылық екенін ескерсек, қазіргі таңда да ұлылардың ұлағаты қадари-халінше насиҳатталуда.



Сөзіміздің төркіні автордың сөз байлығын көрсететін шығармаларының тілдік тұрғыдан зерттелуінде болып отыр. Бүтін бір шығармашылық әлемді тілдік сипаты бойынша жүйелеп, сөздік құрастырудың қаншалықты жанкешті жұмыс екенін сол іске маңдайының тері сіңген тілші-ғалымдар ғана білсе керек. Мехнаты мен машақаты мол мұндай еңбектің арғы-бергі тарихына үңілсек, сонау 1874 жылы ағылшынның ұлы драматургі әрі ақыны «У.Шекспир тілінің сөздігі», Ресей ғылым академиясы жасаған (1933 – 1960) IV томдық орыстың ұлы ақыны «Пушкин тілінің сөздігі» (М., 1956-1961), 1968 жылы жарық көрген қазақ халқының ұлы ақыны «Абай тілінің сөздігін» көреміз. Міне, енді осы қатарға таяуда Ұлттық академиялық кітапханада тұсаукесер рәсімі өткен «Мұқағали тілінің сөздігі» қосылып отыр.

Көлемі – 1064 бет, яғни 111 баспата бақтан тұратын еңбекті құрастырған – елімізге танымал ғалымдар Байынқол Қалиев, Жансейіт Тұймебаев, Шерубай Құрманбайұлы, Сәбира Исақова. Сөздікте ақының ақын Мұқағали Мақатаевтың 5 томдығындағы («Жалын» баспасы, 2013) 1177 шығармасында бар 13 348 дара сөз бен 5035 тұрақты тіркес – барлығы 18 300 тілдік бірлік қамтылған. Олар 21 453 мағынаға сараланыпты. Және көрсетілген тілдік бірліктер 282 мың рет қайталанған. Мысалы, -да, -де шылауы Мұқағалида 3821 рет, Абайда 648 рет қолданылса, -ба, -бе сұраулық шылауы (болымсыз етістік формасы) Мұқағалида 1968, ал Абайда 416 рет кездеседі.

Тұсауқесер рәсімінің модераторлық міндетін атқарған тілші-ғалым Шерубай Құрманбайұлы кітаптың жалпы мазмұнынан ақпарат беріп: «Бұл сөздік – бір сөздік емес, ол түсіндірме сөздік пен жиілік сөздіктердің қосындысынан тұратын жиынтық (синтездік) сөздік. Яғни екі түрлі сөздіктің бірлігінен құралған сөздік. Бір сөзben айтқанда, біз бұл сөздікті «Мұқағали тілінің анықтамалығы» деуімізге негіз бар. Кез келген зерттеуші, лингвист, оқушы, мұғалім Мұқағалида етістік қанша рет қолданылғанын, А әрпінен басталатын сөз неше рет кездесетінін немесе Мұқағали қай сөзді бір-ақ рет пайдаланғанын, ең жиі қолданған сөздерін осы сөздіктен біле алады. «Жиілік сөздік» деп айтқанымыз жалаң сөз болмасын деп осының бәрін кестеге түсірдік», деп атап өтті.

«Бұл сөздік туралы алғаш Бексұлтан Нұржекеұлының мақаласынан білдім. Оқып, кітаптың жай-жапсарын кәдімгі тіл маманындаған ашып жазған Бексұлтанға да, құрастырған сайдың тасындаған іні-қарындастарыма да риза болдым. «Абай тілінің сөздігінен» кейінгі жөні де, жолы да бөлек көлтеп күткен еңбек бұл», деп сөз бастаған Мырзатай Жолдасбеков ақының туралы естелігімен де бөлісті.

«Бір күні әйелім екеуміз көшеде келе жатсақ, поштаның алдында Мұқаң тұр екен. «Мырзаш, сен диссертация қорғайын деп жатыр екенсің ғой. Тақырыбың керемет екен, мен сенің қорғауында өлеңдептің сөз сөйлеймін», деді ақын. Содан не керек мен күмілжи бастадым. Ол кез бәрі Мұқаңнан сырт айналып жүрген уақыт еді. Мен: «Мұқа, қорғаудың уақыты әлі анықталған жок», деп тайсақтадым. – Қайдан анықталған жок, авторефератынды біреудің қолынан көрдім ғой, – дейді. – Ол өзгеріп жатыр, Мұқа, – деп едім, біртүрлі үнсіз қалды. Осы күні сол қылышыма қатты өкінемін. Қорғамай қалсам да Мұқаң келіп өлеңмен сөз сейлесе, бұл бір тарихи оқиға болар еді-ау. Мұқаң: «Маған өлең ақкудың қанатымен келеді», дейтін. Менің ойымша, Мұқаңа о бастан өлең қонған. Алладан жыр аяны, жыр баяны келген кісі. Періштелі ақын. Мұқағалидың өзі де өлең, сөзі де өлең. Қаны да өлең, жаны да өлең. Мұқағали өлеңдерінің құдіретті құздан құлағандай кесек, мұхиттың түбіндей терен, табиғаттың өзіндей таза, бұлақтай мөлдір, гауһардай жарқырап, тұла бойыңа жыр төгіліп тұратыны сондықтан».

Сөздікке пікір жазған ғалымдардың бірі Әділ Ахметов кітап жайлары мәлметтермен бөлісеге келе: «Бұл сөздік қазақ лексикография ғылымына қосылған үлкен үлес. Мұны жасаған ғалымдар да нағыз кәсіби мамандар. Және бұл еңбектің артықшылығы – бұрын шыққан сөздіктерді шолып, салыстыра отырып құрастырылған. «Энциклопедиялық сөздік» десек те артық емес. Мұқағали шығармашылығындағы әр сөзді, әр тіркесті, өлеңдегі әр бұрылысты қапы қалдырмай зерттеп, кітапқа түсірген кәсіби ғалымдардың еңбегі зор. Мұқағали шығармашылығының жаңа дәуірі басталғандай», деп ой түйінделді.

Ақынның шығармашылық қуатынан сөз бастаған Парламент Мәжілісінің депутаты Сауытбек Абрахманов: «Мұқағалидың ақындық құдіретін мына кітап анық көрсетіп отыр. Оның сөзі һәм үйқасы ойының, сезімінің жетегіне ерген соң ағыл-тегіл лирикалық өлеңдер туған. Пушкиннің

10 томында 21 мың сөз бар. Ал Мұқағалидың 5 томынан осыншама дерек пен дәйектің шығуы тілдік түрғыдан ақынның ерекшелігін байқатады. Енді бір он жыл мәндайымызға сыйғанда қазақ ғылымына қанша сөз, қанша бояу қосылар еді. Енді мұқағалитанудың жаңа жолы басталып, ақын шығармалары тілтанудың, ғылымның айналымына түседі. Орыста Пушкиннен кейін қанша ұлы ақын болса да олардың сөздігі жасалмаған. Қанша әспеттелсе де Лермонтов, Маяковский тілдерінің сөздігі жоқ. Өйткені Лермонтов пен Пушкиннің тіліндегі дәуірлік ұқсастықтар болды. Ал Мұқағали тілінің жасалатын себебі – Абайдың заманы бір басқа, поэтикалық тілдің қалыптасқан кезеңінің жарқын үлгісі Мұқағали заманы бір басқа. Қазір көзім түсіп отыр, сөздікте Мұқағалидың қате жазған сөздері дұрыс нұсқасымен беріліпті. Бұл дегеніңіз үлкен еңбек қой», деді.

Мұқағали өлеңдерінің түрік тіліне аударылуы хақында ой қозғаған Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, ғалым Жансейіт Түймебаев аударма мәселесіне кеңінен тоқталды. «Алдымызды Мұқағали поэзиясын әлемнің көптеген тілдеріне аудару міндеті тұр. Біз өз тарапымыздан Абай өлеңдерін бірінші кезекте еліміздегі этностар тіліне аудару бастамасын алдық. Мұқағалиды да 130 тілге аударып бастасақ, үлкен істің басы болмай ма?! Ал мына сөздік бірнеше жүздеген диссертацияға арқау болады. Яғни ғалымдарға беріліп отырған шикізат дегенге саяды. Осы үлгімен зерттеліп, зерделенуге тиісті авторлар бар. Мәселен, абыз Әбіш Кекілбайұлының сөздігі. Әбіш ағаның творчествосындағы тіл байлығынан сөздік жасалса, үлкен оқиға болар еді. Қадыр Мырзалиев ағамыздың да сөздігі кезек күтіп тұр. Бұдан бөлек басқа да іргелі ақын-жазушылардың сөздіктері дайындалып, цифрландырылса, қазақ әдебиетінің, тілінің, мәдениетінің жаңа бет-бейнесі қалыптасады», деді ғалым.

Әдебиет теориясының бүгінгі сын сағатын тарқата айтқан түркітанушы-ғалым Шәкір Ыбыраев әдебиеттану ғылымының ілгерілемей жатқанын жеткізді. «Қазақ тілінің қоры Мұқағали поэзиясында қалай түрленді? Қандай бояулармен құбылды? Бұл әдебиет теориясындағы герменевтика, таңба, символ, дискурс, норатология – қазіргі әдебиеттанудың ең өзекті мәселелерін осындағы аспектілі психологиямен байланыстырып зерттеуіміз керек. Бірақ біз оған әлі келген жоқпыз. Өкінішке қарай, қазір қазақ әдебиеттану ғылымының теориясы тоқырауда тұр. Жаңа деңгейге қадам басуымыз үшін бізге осындағы базалық зерттеу енбектер керек», деді ол.

Кітап тұсаукесеріне қытайтанушы-ғалым Дүкен Мәсімханұлы, ардагер журналист Сұлеймен Мәмет, ақын Қадір Әлімқұлов, т.б. ел ағалары, жазушы, ғалымдар, студенттер мен БАҚ өкілдері қатысты. Бес жыл уақыт жұмсалған «Мұқағали тілінің сөздігі» 5000 данамен «Керемет Медиа» баспасынан, мемлекеттің бюджеттіңсіз жарық көріп отыр.